

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

жетілдіру, кәсіпорынның төлем қабілеттілігі мен нақты резервтерін талдау бойынша ұсыныстар берілді.

Аудиторлық тексеруді жүргізудің тәуелсіздігі-сапаның негізгі критерийі. Егер ішкі немесе сыртқы аудитор біржақты болса немесе жосықсыз шешім қабылдауға мүдделі болса, аудит жүргізу мақсаты нөлге дейін азаяды. Аудит жүргізетін қызметкердің тәуелсіздігінің жоқтығы туралы ақпарат болған кезде шарт жасалмайды. Ал шарт жасасу фактісі орын алған жағдайда-тоқтату қажет. Аудитордың кәсіби пікірі оның қызметіне нұқсан келтіруі мүмкін кез келген себептерге қарамастан қалыптасуы керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1.«KEGOC» АҚ сыртқы аудит. <https://www.kegoc.kz/ru/for-investors-and-shareholders/raskrytie-informatsii/vneshniy-audit/>
2. 2019 жылға арналған «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп. <https://www.kegoc.kz/upload/iblock/ef3/ef3407e5044decfab0832f5a2b51f81c.pdf>
3. Годовой отчет за 2019 год
4. Годовой отчет за 2020 год
5. «СТАНДАРТ ОРГАНИЗАЦИИ ПОЛИТИКА АО «KEGOC» ПО ВНЕШНЕМУ АУДИТУ СТ КEGOC 00-406-10» , Протокол Правления АО «KEGOC» от «22» ноября 2010 г. № 24 <https://www.kegoc.kz/upload/iblock/ff2/ff21e705a63326eb9256cd762f32b031.doc>
6. Методы исследования. <https://bibloid.ru/kursach/start/research-methods.html>
7. Отчет о соблюдении/несоблюдении принципов и положений Кодекса корпоративного управления АО «KEGOC» за 2019 год. <https://www.kegoc.kz/upload/iblock/07f/07f43946192b7b3fc3444b9bab75769.pdf>
8. Закон Республики Казахстан от 20 ноября 1998 года № 304-І «Об аудиторской деятельности» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.11.2022 г.) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1011692

“ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП” ҰАК АҚ ҚОРЛАР АУДИТІ

Ғабитова Д.Н.

“Мемлекеттік аудит” БББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gabitovachess@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: Жахметова А.К.

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі заманғы жабдықтар мен өндіру әдістерін қолдана отырып, қолда бар кен орындарынан алуға болатын бағаланған дәлелденген қорлар негізінде әрбір өндіру әдісі үшін амортизация нормалары есептеледі. Жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт дәлелденген қорларды есептеу үшін негіз болып табылатын қорлар туралы есептерді қамтиды. Тиісті органдармен сертификатталған және өндірістің болжамды деңгейлері туралы ақпарат беретін техникалық-экономикалық модельдерге осы тауарлық-материалдық құндылықтар туралы есептер кіреді.

Уран өндіру басталғаннан бастап жер қойнауын пайдалану құқығы өндіру технологиясына және дәлелденген қорларға байланысты амортизацияланады.

Уран өндірудің кірістілігі көрсетілгеннен кейін барлау және бағалау жөніндегі материалдық активтер өндіруге дайындық жөніндегі шығындарға ауыстырылады және дәлелденген қорларға негізделген өндіру әдісіне сәйкес амортизацияланады.

"Қазатомөнеркәсіп "ҰАК" АҚ еншілес және тәуелді кәсіпорындары уран өндіру және өнімді өткізу, сирек жер элементтері мен сирек жер металдарын, бериллий мен танталды өндіру және сату бойынша қызметтерді, сондай-ақ операциялық қызметте ғылыми көмекті ұсынады.


Кесте 1

2019-2021 жылдардағы ҚАӨ АҚ қорлар көрсеткіштері

№	Қазақстандық миллион теңгемен	2021	2020	2019
1	Дайын өнім және қайта сатуға арналған тауарлар	223 75	185 397	171 452
2	оның ішінде уран өнім	222 195	183 633	170 105
3	Аяқталмаған өндіріс	30 409	22 923	22 317
4	Шикізат және материалдар	14 879	20 179	19 071
5	Өзге материалдар	5 709	5 104	4 913
6	Өңдеудегі материалдар	3 091	1 204	1 045
7	Қосалқы бөлшектер	789	682	787
8	Отын	479	655	626
9	Ескірген және өтімсіз қорлар бойынша Резерв және өткізудің таза құнына дейін есептен шығару	-3 25	-2 755	3 152
	Барлық қорлар	275 856	233 389	217 059

Ескертпе:[2, 3] дерек көздері негізінде автормен жасалған

Жоғарыдағы көрсетілген 1-ші кестедегі мәліметтерге көрсеткіштердің соңғы 3 жылдағы өзгерісін қорлар кестеде орналасқан нөмірі бойынша 1-ші суретте қарастырамыз.



Сурет 1. 2019-2021 жылдардағы ҚАӨ АҚ қорлар көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы, млн.тг.

1-ші кесте мен 1-ші суреттегі ақпараттардың қорытындылай, осы өзгерістері келесі құбылыстарды сипаттайды:

- дайын өнім және қайта сатуға арналған тауарлары 2019 жылы 171 452 млн.тг. болып, 2020 жылы 185 397 млн.тг. құрап, 2021 жылы 223 75 млн.тг. күрт өсті, оның ішінде уран өнімінің көрсеткіші 2019 жылы 170 105 млн.тг. құраса, 2021 жылы 222 195 млн.тг. 130,6% -ға өскен.

- аяқталмаған өндіріс бастапқы екі жылда бірқалыпты болып, 2021 жылы 1,3 есе ұлғайған.

- өндеудегі материалдар 2019 жылдан 2020жылға 15,2% дейін өсіп, ал 2020 жылдан 2021 жылға 156,7% дейін артқан.

- отынның көрсеткіші 2019 жылдан 2020 жылға дейін 4,6%-ға өсті, алайда 2020 жылдан 2021 жылға қарай 26 %-ға төмендей түсті.

- ескірген және өтімсіз қорлар бойынша резерв теріс мәндерді көрсетті. 2019 жылы минус таңбасымен -3 152 млн.тг. құрады, бірақ 2020 жылы (-2 755) млн.тг. болған. Алайда, кейін 2021 жылы -3 25 млн.теңгеге қайта өзгерді.

Кесте 2

2019-2021 жылдардағы ҚАӨ АҚ бұрын танылған қаржылық емес активтер бойынша топ құнсызданудан болған өтеуді мойындаған шығындар көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер, қазақстандық миллион теңгемен	2021ж	2020ж	2019ж
1	Қорлар	623	963	1 313
2	Негізгі құралдар	365	42	49
3	Өндіріске дайындау бойынша шығындар	199	-	-
4	Материалдық емес активтер	-	5	-
5	Басқа активтер	11	34	11
6	Құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру жиыны	1 198	1 044	1 373
Ескертпе: [2, 3] дерек көздері негізінде автормен жасалған				

ҚАӨ АҚ бұрын танылған қаржылық емес активтер бойынша топ құнсызданудан болған өтеуді мойындаған шығындар көрсеткіштерін үш жылдық көлемін салыстырсақ, онда:

- қорлардың көрсеткіштерінде 2019 жылы ең жоғары болды. 2019 жылдан 2020 жылға 26% ға түсті, кейін бұл мән 2020 жылдан 2021 жылға 35%-ға азайды.

- сонымен қатар, негізгі құралдар бойынша 2021 жылы екі жылмен салыстырмалы 8,5 есе өскен.


- өндіріске дайындау бойынша шығындар екі жылы мүлдем болмай, 2021 жылы 199 млн.тг. құрады.

- материалдық емес активтер 2019 және 2021 жылы болмай, тек 2020 жылы 5 млн.тг құрады.

- құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру жиыны 2019 жылдан 2020 жылға 23%- түсіп, 2020 жылдан 2021 жылға 14,75%- ға өскен.

Қорларды айтатын болсақ, тауарлық - материалдық құндылықтарды анықтау үшін екі мәnniң ең азы - өзіндік құн немесе таза сату бағасы қолданылады.

2019-2021 жылдардағы ҚАӨ АҚ қаржылық емес активтерде топ мойындаған құнсыздану шығындарының көрсеткіштері келесі 2 суретте көрсетілген.



Сурет 2. 2019-2021 жылдардағы ҚАО АҚ қаржылық емес активтерде топ мойындаған құнсыздану шығындарының көрсеткіштері

Қазіргі уақытта таукен өнеркәсібін өндірудің белгілі бір жоспарларында өндіруге жоспарланған уран көлемін бағалаудан басқа, консультанттың есебінде қолда бар және болашақ жерасты сілтісіздендіру операциялары шеңберінде алынуы мүмкін Уран көлемін бағалау ұсынылады. Топ кен қорлары туралы деректерді пайдалана отырып, топтағы әрбір кен орны үшін өндіру әдісіне сәйкес жою резервін және активтерді қайтару талаптарын, сондай-ақ ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануын және амортизациясын есептеді.

Кесте 4


2019-2021 жылдардағы ҚАО АҚ қорлар жеке көрсеткіштері

Көрсеткіштер, млн.тг.	2021 ж	2020 ж.
1 қаңтарға қалдық	-2 755	-3 152
Резервті бір жыл ішінде қалпына келтіру	623	63
Жыл ішінде есептен шығарылған қорлар	130	108
Жыл ішінде есептелген резерв	-1 238	-654
Шетел валютасын қайта есептеу	-10	-20
31 желтоқсанға қалдық	-3 25	-2 755
Ескертпе: [3] дерек көздері негізінде автормен жасалған		

4-ші кестедегі мәліметтерге сүйене отырып 2020 мен 2021 жылдардағы қауымдасқан кәсіпорындарға қорлардың баланстық құны түрлерінің құрамы мен құрылымын талдайық.

Осы кестедегі мәліметтерге сүйене отырып 2020 мен 2021 жылдардағы қауымдасқан кәсіпорындарға қорлардың баланстық құны түрлерінің құрамы мен құрылымын талдайық.

4-ші кестеде көріп жатқанымыздай қауымдасқан кәсіпорындарға қорлар көрсеткіштерінің сомалары теріс мәнде де оң мінде де бар. Мысалы, кәсіпорынның қорлардың 1 қаңтарға қалдығының соммасы күрт өзгерген: 2020 жылы (-3 152), ал 2021 жылы (-2 755) миллион теңге құраған.



Сурет 3. 2019-2021 жылдардағы ҚАӨ АҚ өзге активтер көрсеткіштері, млн.тг

Бұл өзге активтердегі ұзақ мерзімді қорларының көрсеткіштері, олар ұзақ мерзімді қорлар компанияның құрылған кезінен бастап меншігінде болған байытылған уран қорларынан тұрады және уран таблеткаларын өндіру бойынша жаңа қуаттарды пайдалануға бергеннен кейін пайдалану жоспарлануда. Есепті кезеңнен кейінгі бір жыл ішінде басшылық бұл резервтерді өз қызметі барысында пайдалануды жоспарламайды.

Қорытындылай келе, осы зерттеу жұмыс нәтижесінде, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның қорлар көрсеткішінің жағдайы тұрақты екені байқалды. Өйткені қорлар үлесі бойынша соңғы жылдары өсіп, компанияның бухгалтерлік балансына оң әсер етуде. Алайда, компанияға облигациялар шығаруға және басқа көздерден инвестиция тарту арқылы өзінің өндіріс көлемін арттыруды ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазатомөнеркәсіп»ҰАҚ» АҚ ресми сайты [Электрондық ресурс] - <https://www.kazatomprom.kz/ru>

2. «Қазатомөнеркәсіп»ҰАҚ» АҚ-ның 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Шоғырландырылған қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы [Электрондық ресурс] https://www.kazatomprom.kz/storage/80/kfo_po_msfo_za_2020g_na_kazyazike.pdf

3. «Қазатомөнеркәсіп»ҰАҚ» АҚ-ның 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы [Электрондық ресурс] - https://www.kazatomprom.kz/storage/e0/kfo_kap_po_msfo_12m2021_kaz.pdf

1. Кодекс корпоративного управления акционерного общества «Казпочта»: [Электронный ресурс]. URL: <https://www.kazpost.kz/uploads/5bb35556aa804e0e85c713b399daa326.pdf>